(5)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ӘКІМІНІҢ

# ШЕШІМІ

ГЛАВА АЛМА-АТИНСКОЙ
ГОРОДСКОЙ АДМИНИСТРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

1993 жылғы 5 мамыр

№ 198

№ ___ данасы

Тв. Карауылдау деп көшедегі

1993 г.

198

Алматы қаласының аймақтарына атаулар беру, көшелерінің атын өзгерту туралы

Алматы қаласында жеке тұрғын үй құрылысының жүргізілуіне сондай-ақ Қазақстан Республикасының аса көрнекті қайраткерлерінің алдағы мерейтойларына байланысты, қалалық ономастика жөніндегі комиссияның ұсыныстарын ескере келіп /көшірмесі беріліп отыр/, қала әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

36 1. Москва ауданының территориясындағы жаңа тұрғын аймақтағы көшеге /Волошев аймағы/ Айша бибі көшесі /2 000м/ атауы берілсін.

2. Жаңа тұрғын аймақтарға төмендегі атаулар берілсін:

- Москва ауданының территориясындағы /Талғар бағыты/ "Дукан" ықшам ауданы;

- Әуезов ауданының территориясындағы /бұрынғы Киров п. - Рысқұлов даңғылындағы Школьная көшесі/ "Әйгерім" ықшам ауданы,

- Әуезов ауданының территориясындағы /бұрынғы "Пригородный" совхозының жері/ "Шаңырақ-1" ықшам ауданы және "Шаңырақ - 2" ықшамауданы;

- Әуезов ауданының территориясындағы /Трудовик п. төңірегінде/ "Ерке" ықшамауданы,

- Әуезов ауданының территориясындағы /бұрынғы "Пригородный" совхозының жері/ "Ұлжан" ықшамауданы,

- Ленин ауданының территориясындағы "Дархан" ықшамауданы,

- Алатау ауданының территориясындағы /Навои көш.-Саин көш./ "Хан тәңірі" ықшамауданы.

3. Төмендегі көшелер өзгертіліп аталсын:

1669. - Алатау ауданының территориясындағы Фрунзе көшесі /1450 м/ Сұлтанмахмұт Торайғыров көшесі деп,

038310 ※



Бпш

- Алатау ауданының территориясындағы бұрынғы Дружба поселкесіндегі Порт-Артур көшесі /3000м-ден астам/ Ақан Сері көшесі деп кейін өзгерді. 42

- Калинин ауданының территориясындағы Ботаникалық бульвар /2300м/ Бұхар жырау бульвары деп, 36

- Октябрь ауданының территориясындағы Тесленко көшесі /2500м-ден астам/ Мағжан Жұмабаев көшесі деп, 665

- Октябрь ауданының территориясындағы Белинский көшесі /9100м/ Ілияс Жансүгіров көшесі деп. 615

4. Қалаткомның көшеге І.Жансүгіров атын /1450м/ беру жөніндегі 1990ж. 8.10 күнгі №23 шешімінің күші жойылсын.

5. І.Жансүгіров көшесі Ленин ауданының территориясындағы Лобачевский көшесінің жалғасы, деп саналсын.

6. Тұрғын үй шаруашылығы өндірістік бірлестігі /К.С.Лома жаңа көрсеткіш тақталар әзірлеп, қаланың көшелері мен ықшамаудандарында орнататын болсын.

7. Қалалық қаржы басқармасы /Т.Ә.Әбдіқадыров ж./ қаланың көшелері мен ықшамаудандағы атауларының жаңа көрсеткіштерін орнатуға ақша қаражатын бөлсін.

8. Әуезов, Алатау, Калинин, Москва, Октябрь, Ленин аудандық әкімшіліктері аталған шешімді тиісті қызметтерге жеткізсін.

9. Аталған шешімнің орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары О.С.Беспаева жолдасқа жүктелсін.

Қала әкімі З.НҰРҚАДІЛОВ

Дұрыс: Алматы қаласы ... секретариаты